

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-23](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-23)
FTAMP: 16.01.45

А.С. Айтқазинова

«№ 35 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Құнанбай к-сі, 24
ORCID: 0009-0005-6940-2416
e-mail: a.aytkazinova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ КОРПУСТЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілінің ұлттық корпусын мектепте қазақ тілі сабағында қолданудың әдістемелік қырынан қарастырылып, теориялық және практикалық маңызы талданды. Ұлттық корпус арқылы оқушының сөйлесім дағдыларын, атап айтқанда, оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым әрекеттерін дамыту мен тілдік бағдарды қалыптастырудағы тиімділігі көрсетіледі. Зерттеу барысында ұлттық корпусың табиғи тілдік деректерді ұсынатыны, оқушыларға берілген мәтін құрылымы арқылы сөздердің мағынасын түсінуге, грамматикалық формалардың қызметін байқауға, сөйлеудің стильдік және коммуникативтік ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қатар, корпустың материалдар оқушыларға диалогтің құрылымын меңгертуге, сөздерді дұрыс қолдануға, фразеологиялық бірліктерді түсінуге жағдай жасайды. Сонымен қатар тілдік бағдарды дамытуда корпус білім алушылардың тіл заңдылықтарын өздігінен табу, салыстыру, қорытындылау қабілеттерін дамыту арқылы зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырады. Зерттеу жұмысы корпустың тілдік құзыреттілікті арттыруда, сөйлеу мәдениеті мен зерттеушілік дағдыны дамытуда маңызды құрал екенін көрсетті. Мақалада корпусты пайдалану арқылы екі негізгі бағытқа – сөйлесім әрекетін дамыту мен тілдік бағдарды қалыптастыруға назар аударылды. Зерттеу нәтижелері ұлттық корпусты жүйелі қолдану оқушылардың тілдік құзыреттілігін, сөйлеу мәдениетін, зерттеушілік дағдыларын айтарлықтай күшейтетініне көз жеткізді.

Тірек сөздер: ұлттық корпус, тілдік бағдар, сөйлесім дағдылары, грамматикалық форма, диалог.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде тілді оқыту әдістемесі біршама өзгерістерге ұшырап, оқушының тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытуға бағытталған заманауи тәсілдер жүйелі түрде енгізілуде. Бұл өзгерістер қазақ тілі сабағында дәстүрлі жаттауға негізделген тәсілдерден гөрі, тілдің табиғи қолданысына сүйенген, дерекке негізделген, зерттеушілік сипаттағы әдістердің қажеттілігін айқын көрсетеді. Осындай сұраныстардың нәтижесінде тіл үйрету үдерісінде ақпараттық технологияларды, цифрлық платформаларды және әсіресе ұлттық тіл корпустарын қолдану өзектілікке ие болып отыр. Қазақ тілі пәнінің басты ерекшелігі – оның тек лингвистикалық білім берумен шектелмей, оқушының күнделікті өмірде қолдана алатын тілдік дағдыларын қалыптастыруы. Осыған байланысты бағдарламаларда сөйлесім әрекетінің дамуы, функционалдық сауаттылық, тілдік бағдар, коммуникативтік дағдыларды жетілдіру негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталды. Соның ішінде ұлттық тіл корпустары – мектеп оқушыларына тілді өмірлік контексте меңгертудің ең тиімді цифрлық ресурстарының бірі. Ұлттық тіл корпустары – тілдің табиғи қолданысын жинақтайтын электронды платформа. Негізгі ерекшелігі - электронды жинақталған мәтіндерде ғана емес, сол мәтіндердің жоспарлы түрде жүйеленіп берілуінде [1]. Кейінгі жылдары әлем елдерінде ұлттық корпусты құрастырып, оны білім беру жүйесінде пайдалану тәжірибесі кеңінен қолданылып келеді. Себебі, білім алушылардың бойында тілдің коммуникативтік қызметін меңгеру мен тілді саналы түрде түсіну дағдыларын қалыптастыру - білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, еліміздің мектептерінде тіл сабақтары, оның ішінде қазақ тілі сабағының мақсаттары сөйлесім әрекеті мен тілдік бағдар бағыты болып жіктеледі. Мақсаттардың осылайша жіктелуі оқушының тілді механикалық емес, мағыналық, саналы деңгейде меңгеруін көздейді.

Ұлттық корпус – тілдің жазба және ауызша үлгілерін жинақтайтын, жүйелейтін электронды дереккөз. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынған «Қазақ тілінің

ұлттық корпусын қолданушыларға арналған нұсқаулық» атты еңбекте: «Қазақ тілінің ұлттық корпусы (ҚТҰК) - қазақ тілінің лексика-грамматикалық жүйесін толық қамтыған (терең аннотацияланған) миллиондаған сөзқолданыстан тұратын электронды пішіндегі көлемді мәтіндер жинағы, қазақ тілі жайлы барлық мәліметті жинақтаушы «ақылды» мамандандырылған білім қоры» [2] деген анықтама берілген. Әлем бойынша корпустардың басым бөлігі бір тілді (monolingualism) ғана қамтиды. Дегенменде, қостілді және көп тілді корпустар да кездеседі [3]. Қазір қазақ тілінде бір тілді бірнеше корпустар іске қосылып, тіл білімінің түрлі саласына жаңа мүмкіндіктер беріп отыр.

Жоғарыда айтылғандай, мектептегі тіл сабақтарының басты міндеттерінің бірі – оқушылардың сөйлесім әрекетін дамыту: ауызша және жазбаша сөйлету, диалог пен монолог құрастырту, пікір білдірту, талдату, ой қорытқызу. Осы тұрғыдан алғанда корпус оқушыға күнделікті қарым-қатынасқа тән сөйлем үлгілерін, сұрақ-жауап құрылымдарын және әртүрлі стильдегі мәтіндерді ұсыну арқылы сөйлесім дағдысын табиғи ортада қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, тілдік бағдар бағыты – оқушының тілдік құбылыстарды саналы түрде түсінуіне, байқап, салыстырып, өзіндік қорытынды жасауына бағытталған. Бұл – тек ережені жаттату емес, тілдің ішкі заңдылықтарын индуктивті жолмен, яғни дерек арқылы үйрету үдерісі. Бұдан бөлек, ұлттық корпусты қолдану оқушының зерттеушілік дағдысы мен аналитикалық ойлауын, тілге деген қызығушылығын күшейтеді. Корпуспен жұмыс істеу барысында оқушы тек тіл үйренуші ғана емес, белгілі деңгейде тіл зерттеушісіне айналады. Бұл мектептегі тіл сабағын жаңғыртуға, оқытудың тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы барысында тілдік деректерді талдау, оқыту процесіндегі өзгерістерді бақылау және оқушылардың корпуспен жұмыс істеу дағдыларын бағалауға бағытталған педагогикалық тәжірибе әдістері қолданылды.

Алдымен зерттеудің теориялық бөлігі үшін бақылау және жинақтау әдістері қолданылды. Тақырыпқа байланысты ғылыми еңбектер мен интернет сайттардан ақпараттар жинақталды. Ғылыми еңбектердің басым көпшілігі шетел ғалымдарының зерттеулерінен қаралды. Себебі, тіл корпусы алғаш рет Ұлыбританияда өткен ғасырдың 60-жылдары құрылған болатын. Нәтижесінде, ағылшын тілінде корпусқа байланысты біршама еңбектер жарық көрді. Нақты атап айтсақ, Дж. Кеннеди, П.Бейкер, А.Харди, т.б. ғалымдардың корпусқа қатысты жазылған зерттеу еңбектері бар.


Зерттеудің негізгі әдістерінің бірі – педагогикалық эксперимент. Эксперимент мектепте 8-10 сыныптар аралығында жүргізілді. Ол үш кезеңнен тұрды: дайындық, тәжірибелік жұмыс және нәтижелерді жинақтау. Дайындық кезеңінде пән мұғалімі оқушыларға корпуспен жұмыс істеудің жолдарын түсіндіріп, корпус интерфейсімен танысуға жағдай жасады. (1-сурет)

Тәжірибелік кезеңде оқушылар төмендегідей тапсырмаларды орындады:

- Диалог тыңдау және сол үлгіге ұқсас диалог құрастыру;
- Сөздердің грамматикалық формаларын анықтау;
- Сөздердің әр түрлі стильдегі мәтіндердегі қолданысын салыстыру;
- Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын талдау;
- орфографиялық және пунктуациялық нормаларды корпус арқылы тексеру.

Осы аталған әрекеттер негізінде оқушылар корпусқа сүйене отырып тілдік заңдылықтарды өздері жинақтап, қорытынды шығарып, сөйлесім әрекетінде жиі кездесетін құрылымдарды қолдануды тәжірибе жүзінде үйренді.

Қолданылған әдістердің тағы бір түрі – салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс корпустан алынған табиғи мысалдар мен оқулықтағы күрделі немесе жасанды мысалдарды салыстыру үшін пайдаланылды. Осы тұста ескеруіміз керек, зерттеуші ғалымдар корпусты тілдің табиғи ортасы ретінде санап, түпнұсқа дереккөздердің маңыздылығын атап өтеді. [4] Нәтижесінде көптеген оқулық мысалдарының тілдік жағынан табиғилық деңгейі төмен екені, ал корпус материалдарының оқушының сөйлеу тәжірибесіне жақын екені анықталды. Бұл тәсіл тілдік бағдарды дамытуға да әсер етті: оқушылар грамматикалық категориялардың шынайы сөйлеудегі қызметін тек ережеге емес, нақты мәтінге сүйене отырып түсінді.



1 - сурет. Ұлттық корпус интерфейсі

Мұғалімдер мен оқушылардың пікірлері мен ұсыныстарын жинау үшін бақылау және сұхбат әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері корпусның сабақтағы қолайлылығы, тиімділігі, қиындықтары туралы деректерді жинауға көмектесті.

Осы әдістер кешені ұлттық корпусның тіл сабақтарындағы сөйлесім әрекетін дамытуға және тілдік бағдарды қалыптастыруға ықпалын жан-жақты әрі ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Қазақ тіліндегі корпусстарға тоқталайық. Ең ірісі – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі Институты әзірлеген Қазақ тілінің ұлттық корпусы (ҚТҰК). Дәл биылғы жылдың көрсеткіші бойынша, аталған корпустан 70 миллионға жуық сөз бар. Негізгі корпустан бөлек, 18 түрлі ішкорпусты қамтиды [5].

Осы айтылған корпустан бөлек, Тіл – қазына корпусы бар [6]. Аталған корпус өз ішінен:

1. Публицистикалық мәтіндер;
2. Ауызекі сөйлеу;
3. Ғылыми мәтіндер;
4. Оқу;
5. Бала тілі бөлімдерінен құралған.


Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері ұлттық тіл корпустарын тіл сабақтарында қолдану оқушылардың сөйлесім әрекеті мен тілдік бағдарын дамытуда айтарлықтай оң өзгерістерге әкелгенін көрсетті. Экспериментке қатысқан 8-10 сынып оқушылары корпуспен жұмыс істеудің жаңа форматына тез бейімделіп, тілдік материалды өздігінен іздеп, салыстырып, қорыта алу дағдыларын арттырды.

Эксперимент барысында оқушылар табиғи диалог үлгілерімен жұмыс жасады. Бір айта кетерлігі, ұлттық корпустан диалог тілдік деңгей бойынша берілген. (2-сурет)

Бұл әсіресе, қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы қазақ тілі үшін өте тиімді. Себебі, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығында: «Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәндері бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін

менгерудің жалпы еуропалық құзыреті) деңгейлерін негізге ала отырып, айқындалған» [7] – деп көрсетілген.



2-сурет. Ауызша ішкорпус, бейнеконтент

Яғни, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын сыныптардың тілді меңгеруі деңгейлерге бойынша жүзеге асады. Осы қырынан алғанда, диалогтардың деңгейлерге бөлініп берілуі тиімді. Мысалы, ауызша ішкорпуста «Ауа райы» тақырыбында А1 деңгейінде төмендегідей диалог берілген:

- Қалың қалай?
- Сәлем, Әсем! Менде бәрі жақсы.
- Бүгін сенбі, ауа райы да керемет!
- Иә, күн жылы, 20 градус.
- Ертең жаңбыр жауады екен.
- Онда саябаққа барайықшы.
- Жақсы.
- Кешке кездескенше!

Диалог тындау арқылы қол жеткізілетін нәтиже:

- Оқушылар күнделікті қолданыстағы сөйлем үлгісін пайдалануды үйренеді;
- Диалог құрастыру кезінде жаттанды (клише) сөйлем емес, табиғи сөйлеу нормасын қолданады.

Сондай-ақ, корпус негізінде жүргізілген тапсырмалар оқушылардың диалогтық сөйлеу, пікір білдіру, дәлелдеу, қарсы аргумент жасау дағдыларын күшейтті. Тәжірибе соңында алынған ауызша жұмыстарда оқушылардың сөйлем құрау дәлдігі, байланыстылығы, коммуникативтік жағдаятқа сай тіркестерді қолдануы айтарлықтай жақсарғаны байқалды.

Корпус материалдарын қолдану оқушылардың жазылым жұмыстарына да оң әсер етті. Олар мәтін жазғанда стилистикалық сәйкестікті, сөздердің тіркесу қабілетін, сөйлеудің логикалық байланысын сақтауға ұмтылды. Корпуста алынған сөз тіркестері мен сөйлем үлгілерін қолдану олардың жазылымдағы дәлдігі мен орфографиялық сауаттылығын арттырды. Мәселен, кез-келген сөзді жазу арқылы, сол сөздің дұрыс-бұрыстығын тексере алды.

Жазба жұмыстарын талдау нәтижесінде оқушылардың сөйлемді негізсіз ұзартып жазу, орынсыз сөз қолдану, стиль араластыру қателері азайғаны байқалды. Шетелдік ғалым Р.К.Беттгер корпусты жазылым кезінде қолдануды зерттеген болатын. Ғалымның пікірінше, корпустар тілдік заңдылықтардан ақпарат беретіндіктен, білім алушылар үшін таптырмас оқу құралы ретінде санауға болады [8].

Тілдік бағдар бойынша да корпуспен жұмыс жасалынды. Жұмыс барысында оқушылар грамматикалық формалардың қызметін механикалық жаттау арқылы емес, нақты контекстен аңғара бастады. Мысалы, Оқу ішкорпусынан «оқы» түбірінің түрленуін қарады. Корпуста:

«оқысаң», «оқығаннан», «оқығанын», «оқып», «оқыдым», «оқымай», «оқыған», «оқытып», «оқыған» сияқты сөздерді оқушылар анықтамасыз, тек корпус сөйлемдеріне қарап жасалу жолдарын өздері түсіндірді. Дәл осылай оқушылар «тыңда», «білім», «сөйле», «сыйла» сияқты сөздерді талдады. Бұдан бөлек, сөздердің грамматикалық мағыналарын мәтін негізінде анықтады. Әсіресе, омоним сөздерді талдау тиімді болды. Мысалы: «қара», «жаз», «тамыр», «дана», «ақ», т.б. сөздер. Осы аталған сөздерді мәтіндегі мағынасына қарап ажырату арқылы, қандай мәнде жұмсалғанын анықтай алды. Бұл тілдік заңдылықты индуктивті жолмен меңгерудің тиімді екенін дәлелдеді.

Фразеологиялық тіркестердің табиғи қолданысын түсіну де күшейді. Оқушылар фразеологизмдер ішкорпусынан «жүрек», «тіл», «су», «қол» сияқты сөздердің қатысумен жасалған тұрақты тіркестердің мағынасын корпус арқылы талдай алады.

Диалектілік ішкорпусты пайдалану арқылы халықтың сөйлеу тіліндегі аймақтық ерекшеліктерді, этнолингвистикалық құбылыстарды анық көрсете аламыз [9]. Сабақта оқушылар диалектілік ішкорпусты қолданып, мына сөздердің қолданысын талдады: «бөйтекілеу», «сым», «жұмыртқа», «тұқым», «кеуірт», «кәуіп», т.б. Берілген сөздердің қай аймақта жиі қолданылатыны туралы нақты ақпаратқа көз жеткізе алды. Мұнда тұрмыстық, ауызша, әр өңірге тән айтылым мен сөздердің тіркестері бар. Бұл – тілдің шынайы өмірдегі әлеуетін ұғынуға, оның әлеуметтік және мәдени контекстерін сезінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық корпустың синонимдік қатарларды анықтауға көмегі зор. Оның құралдар бөліміндегі «Синонимайзерін» (синонимдер жүйесін) қолдану арқылы сөздердің синонимдік қатарын анықтауға болады. Синонимайзер оқушыға бір сөздің бірнеше мағыналық баламасын нақты мысалдармен, контекстегі қолданысымен көрсетеді. Бұл жаңа сөзді механикалық жаттатпай, оның мағыналық өрісін түсіндіру арқылы есте сақтауды жеңілдетеді. Мысалы: «батыл» сөзін енгізгенде синонимайзер «жүректі», «ер», «тәуекелшіл», «батыр», «өжет», «өткір» сөздерді және олардың аймақтық, фразеологиялық синонимін, контекстерін қоса ұсынады. Бұл оқушыларды сөзді қолданылатын орнымен бірге меңгеруге, ойды дәл, көркем жеткізуге, мағыналық реңкті ажырату қабілетін дамытуға және зерттеушілік бағытқа бейімдейді [10].

Тәжірибе соңында оқушылардың корпус арқылы дерек жинау, сұрыптау, салыстыру, талдау қабілеті көзге көрінерлік деңгейде өсіп, олар өздерін тіл зерттеушісі рөлінде сезіне бастады. Шетелдік ғалым Дж. Лич сөзіне сүйенсек, «корпустық тапсырмалар білім алушыны өзгенің идеясына сүйенбей, өзінің жеке зерттеуін жүгізетін зерттеушінің рөліне ендіреді» [11]. Бұл академиялық дағды жұмыстарында, жобалық тапсырмаларда ерекше байқалды. Оқушылар сөз жиілігі мен стильдік қолданымға арналған шағын зерттеулер жасап, оны сынып алдында қорғай алды. Бұдан шығатын қорытынды, корпуспен жұмыс жасау арқылы оқушылардың ізденушілік пен зерттеушілік дағдыларын дамыта аламыз.

Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер ұлттық корпусты тіл сабақтарында қолданудың көпқырлы артықшылықтарын ашып көрсетті. Ең алдымен, корпуста ақпараттар табиғи мәтін арқылы берілгендігі себепті тіл үйретуде тиімділігі дәлелденді. Мектепте қолданылатын дәстүрлі оқулық мәтіндерінен айырмашылығы, корпус нақты өмірде қолданылған тіркестерді, сөйлем құрылымдарын, диалогтарды ұсынады. Бұл ерекшелік қазақ тілінде оқытпайтын сыныптардағы оқушының тілдік құзыреттілігін кеңейтеді және сөйлеудің табиғи үлгісін қалыптастырады. Себебі, корпустан алынған диалогтық материалдар оқушылардың коммуникативтік әрекетін дамытуда тиімді құралдардың бірі болып шықты. Егер сөйлесім әрекеті бұрын көбіне жатталған үлгілерге сүйенсе, корпуспен жұмыс істеу арқылы оқушылар нақты жағдаятқа сай тілдік бірліктерді қолдануды үйренді. Бұл сөйлеудің шынайылығын арттырып, күнделікті өмірде қарым-қатынас жасауда тілдік ерекшеліктерді көрсетті.

Ұлттық корпус оқушыларға тілдік бағдарды меңгертуде де тиімділігін дәлелдеді. Тілдік бағдар – қазіргі мектеп бағдарламасында жаңартылған мазмұнындағы тіл үйретудің маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Тәжірибе көрсеткендей, корпус бұл бағытта оқушыға тілдік құбылыстарды өз бетімен тауып, анықтап, талдауына мүмкіндік береді. Оқушы дайын ережені пайдаланбай, өз қорытындысына сүйенген түйін жасайды. Бұл тәсіл білім алушылардың тілге деген ішкі сезімталдығын дамытып, тілдік норманы саналы меңгерулеріне жол ашады.

Сонымен, корпус негізінде сөздердің грамматикалық формаларын талдау оқушылардың индуктивті ойлауын дамытты. Бұл тәсіл ережені құр жаттау емес, саналы түрде түсінуді қамтамасыз етті. Нәтижесінде оқушылар грамматикалық категорияларды қолдануда белсендірек болып, талдау дағдыларының жақсарғанын көрсетті.

Сондай-ақ, корпусстық материал оқушылардың стильдік айырмашылықтарды сезіну қабілетін күшейтті. Оқушылар көркем әдебиет стилі, ғылыми, публицистикалық және ауызекі сөйлеу стилдерін анықтап, салыстыру жұмыстарын жүргізе алды. Осылайша, олардың сөздік қорының кеңеюіне, стилдерді ажыратуына, сөйлеу дағдыларын жақсартуға ықпал етті.

Бұл айтылғаннан бөлек, корпуссты сабаққа енгізу мұғалімдер үшін де тиімді екені байқалды. Себебі, мұғалімдер үшін мысалдарды жасанды құрастырғаннан қарағанда, корпустан дайын, табиғи мәтіндерді алудың әлдеқайда жеңіл екенін айта кеткеніміз жөн. Сабактың өту барысы да өзгергенін байқауға болады: оқушылар корпуспен белсенді жұмыс жасау арқылы зерттеуші рөліне ене алды.

Корпус негізінде жүргізілген тапсырмалар қазақ тілінің табиғи қолданысын үйретуде тиімді тұстарын көрсетті. Мысалы:

1. Оқушылар лексикалық бірліктердің нақты мәтіндегі қолданысын түсіне бастады;
2. Орфография бойынша қателер азайды;

3. Орфоэпиялық қонвентерді қолдану арқылы қазақ тілінің орфоэпия заңдылығымен танысты;

4. Грамматикалық формаларды, оның ішінде морфологиялық құрылымды дұрыс түсініп, қолдану жиілеген;

5. Оқушылардың өз бетінше тілдік заңдылықтарды таба білу дағдылары дамыды.

Сонымен, ұлттық корпуссты қолданғанда төмендегідей артықшылықтар байқай аламыз:

1. Ауызша ішкорпустағы материалдарды қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқыту кезінде қолдануға болады;

2. Оқу ішкорпусы арқылы оқушыларға морфологиялық талдау жасатуға болады;

3. Жазылым тапсырмасы арқылы оқушылардың жазылым дағдыларын жетілдіру;

4. Түрлі ізденушілік тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту үшін қолдануға болады.

Осы берілген мәліметтерді төмендегі 1-кестеге жүйелеп бергенді жөн көрдік.

1-кесте. Ұлттық корпуссты қолданғандағы артықшылықтар

Дағды	Нәтиже
Тыңдалым/Айтылым	Оқушылар деңгейлері бойынша дайын диалогтармен жұмыс жасайды
Оқылым	Оқушының мәтінмен жұмыс жасау дағдысы, оның ішінде оқылым әрекеті жақсарады
Жазылым	Стильдерді ажырата алады, сөз қолданыстарын жақсы түсінеді
Тілдік бағдар	Сөз тұлғасына талдау жасауды үйренеді, фразеологиялық бірліктер туралы білімдерін қалыптастыруға болады
Зерттеушілік	Оқушының өздігінен жеке жұмыс жасау арқылы ізденушілік қабілеті артады

Қорытынды

Бұл зерттеуде ұлттық тіл корпустарын тіл сабағында қолданудың тиімділігі жан-жақты сараланып, оның оқушылардың сөйлесім дағдысын мен тілдік бағдарын жетілдірудегі рөлі ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеу қорытындылары корпуссты тұрақты пайдалану тілдік құзыреттіліктің барлық компоненттеріне – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым және тілдік талдау қабілеттеріне – оң әсер ететінін көрсетті. Әсіресе сөйлесім әрекеті мен тілдік бағдар бағыттарының күшеюі корпусстың табиғи контекст ұсыну мүмкіндігімен тығыз байланысты болды.

Сөйлесім әрекетінің дамуы оқушылардың тілдік қарым-қатынаста еркін сөйлеуінен, дискурс белгілерін орынды қолдануынан, табиғи диалог құрылымдарын игеруінен анық байқалады. Корпустан алынған шынайы тіркестер, мәдени-тілдік үлгілер және коммуникативтік жағдаяттарға тән сөйлеу өрнектері оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бұл тіл үйренушінің тілді тек оқу пәні ретінде емес, күнделікті коммуникация құралы ретінде қабылдуына мүмкіндік берді.

Тілдік бағдардың орнығуы да корпуспен жұмыс жүргізудің тиімді екенін дәлелдеді. Оқушылар грамматикалық формалардың қызметін, сөздердің мағыналық реңкін, стильдік айырмашылықтарды дайын ережелерден емес, табиғи мәтіндер негізінде индуктивті жолмен меңгерді. Бұл тілдік норманы саналы түрде түсінуге, тілдің ішкі заңдылықтарын өздігінен байқап, аша білуге жағдай жасады. Осындай тәсілдер оқушылардың аналитикалық ойлауын, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамытып, зерттеушілік дағдыларының қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен қатар, корпус материалдарын сабақта қолдану тіл үйрету әдістемесін жаңғыртып, мұғалімнің жұмысын жеңілдетті: мысалдар табу, стильдік мен грамматикалық формаларды салыстыру, фразеологизмдерді түсіндіру, көнерген, диалект сөздердің мағынасын ашу сияқты күрделі тапсырмаларды нақты деректермен қамтамасыз етті. Сабақ құрылымы интерактивті, сенімді дерекке сүйенген, зерттеушілік бағыттағы сипат алды.

Қорытындылай айтқанда, ұлттық корпус – тіл үйретудің инновациялық құралы ғана емес, оқушының тілдік санасын, сөйлеу мәдениетін және функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тиімді педагогикалық ресурс. Корпусты қазақ тілі сабақтарына жүйелі қолдану қазіргі білім беру талаптарына толық сай келеді және оқытудың сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиеттер

1. Martin W. Developing linguistic corpora: A guide to good practice Oxford: Arts and Humanities Data Service & Oxbow Books, 2005. – 108 p.
 2. Қазақ тілінің ұлттық корпусын қолданушыларға арналған нұсқаулық. – Алматы, 2025. – 95 б.
 3. McEnery T., Hardie A. Corpus Linguistics: Method, Theory and Practice. Cambridge University Press, 2012. – 312 p.
 4. Hamzaoui Ch. An Introduction to Corpus Linguistics. – 2020. – 24 p.
 5. Ұлттық корпус. [Электронды ресурс] – <https://qazcorpus.kz/>
 6. Тіл қазына корпусы.[Электронды ресурс] – <https://new.qazcorpora.kz/>
 7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767/history>
 8. Boettger R. K. Using Corpus-Based Instruction to Explore Writing Variation across the Disciplines: A Case History in a Graduate-Level Technical Editing Course // Across the Disciplines. – 2006. – Vol. 3. – Art. 13.
 9. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. /Т.Н. Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Г.Б. Тоқтыбаева, — Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2018. – 208 б.
 10. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. – Алматы: Атамұра, 2017. – 208 б.
- Leech G. Teaching and Language Corpora: A Convergence // Teaching and Language Corpora / ed. by A. Wichmann, S. Fligelstone, T. McEnery, G. Knowles. – London : Longman, 1997. – P. 1-23.

References

1. Martin W. Developing Linguistic Corpora: A Guide to Good Practice. – Oxford: Arts and Humanities Data Service & Oxbow Books, 2005. – 108 p.
2. Qazaq tiliniñ ulttyq korpusyn qoldanuşylarga arnalğan nusqaulyq. – Алматы, 2025. – 95 б.
3. McEnery T., Hardie A. Corpus Linguistics: Method, Theory and Practice. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 312 p.

4. Hamzaoui Ch. An Introduction to Corpus Linguistics. – 2020. – 24 p.
5. Ultyq korpus [Elektrondy resurs]. – URL: <https://qazcorpus.kz/>
6. Til qazynasy korpusy [Elektrondy resurs]. – URL: <https://new.qazcorporas.kz/>
7. Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniń 2022 jylǵy 16 qyrkúyektegi № 399 buiryǵy [Elektrondy resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767/history>
8. Boettger R. K. Using Corpus-Based Instruction to Explore Writing Variation across the Disciplines: A Case History in a Graduate-Level Technical Editing Course // Across the Disciplines. – 2006. – Vol. 3. – Art. 13.
9. Ermekova T. N., Otarbekova J. K., Toqtybaeva G. B. Qazaq tili: jalpy bilim беретin mekteptiń 6-synybyna arnalǵan oqulyq. – Astana: Arman-PV, 2018. – 208 b.
10. Däuletbekova J., Qosymova G. Qazaq tili: jalpy bilim беретin mekteptiń 5-synybyna arnalǵan oqulyq. – Almaty: Atamura, 2017. – 208 b.
11. Leech G. Teaching and Language Corpora: A Convergence // Teaching and Language Corpora / ed. by A. Wichmann, S. Fligelstone, T. McEnery, G. Knowles. – London: Longman, 1997. – P. 1–23.

A.S. Aitqazanova

KMM «Secondary School № 35»,
071400, Republic of Kazakhstan, Semey, 24 Qunanbai Street
ORCID: 0009-0005-6940-2416
e-mail: a.aytkazinova@mail.ru

WAYS OF USING THE NATIONAL CORPUS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

Abstract. This article examines the methodological aspects of using the National Corpus of the Kazakh language in school-based Kazakh language lessons and analyzes its theoretical and practical significance. The study demonstrates the effectiveness of the national corpus in developing students' communicative skills—namely, reading, speaking, listening, and writing—and in forming linguistic norms. It was identified that the corpus provides natural language data, enabling students to understand word meanings through text structure, observe the functions of grammatical forms, and distinguish stylistic and communicative features of speech. In addition, corpus materials help students master the structure of dialogue, use words accurately, and understand phraseological units. Regarding linguistic orientation, the corpus fosters learners' research skills by enhancing their ability to independently identify language patterns, compare linguistic phenomena, and draw conclusions. The findings of the study show that the national corpus is an important tool for improving linguistic competence, developing speech culture, and strengthening research skills. The article focuses on two main directions—developing communicative skills and forming linguistic norms through the use of the corpus. The results confirm that systematic use of the national corpus significantly enhances students' linguistic competence, speech culture, and research abilities.

Keywords: national corpus, linguistic norms, communicative skills, grammatical form, dialogue.

A.C. Айтказинова

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 35»,
071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кунанбаева, 24
ORCID: 0009-0005-6940-2416
e-mail: a.aytkazinova@mail.ru

ПУТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В данной статье рассматриваются методические аспекты использования Национального корпуса казахского языка на уроках казахского языка в школе, а также анализируются его теоретическая и практическая значимость. Показана эффективность корпуса в развитии речевых навыков учащихся, а именно навыков чтения, говорения, аудирования и письма, а также в формировании речевой нормы. В ходе исследования выявлено, что корпус предоставляет естественные языковые данные, позволяя учащимся понимать значение слов через структуру текста, наблюдать функции грамматических форм, различать стилистические и коммуникативные особенности речи. Кроме того, материалы корпуса помогают учащимся овладеть структурой диалога, правильно использовать слова и понимать фразеологические единицы. В развитии языковой ориентации

корпус способствует формированию исследовательских навыков учащихся путем развития их способности самостоятельно находить языковые закономерности, сравнивать и делать выводы. Результаты исследования показали, что корпус является важным инструментом в повышении языковой компетентности, развитии речевой культуры и исследовательских умений. В статье внимание уделено двум основным направлениям – развитию речевой деятельности и формированию речевой нормы посредством использования корпуса. Полученные данные подтверждают, что систематическое применение национального корпуса значительно усиливает языковую компетентность, речевую культуру и исследовательские навыки учащихся.

Ключевые слова: национальный корпус, языковые нормы, речевые навыки, грамматическая форма, диалог.

Автор туралы мәлімет

Айтқазынова Айгерім Сайлауғазықызы – «№35 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: a.aytkazinova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6940-2416>.

Information about the author

Aigerim Aytkazinova – Teacher of kazakh language and literature at the MSI «Secondary School №35», Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: a.aytkazinova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6940-2416>.

Сведения об авторе

Айтқазынова Айгерім Сайлауғазықызы – учитель казахского языка и литературы КГУ «Средняя общеобразовательная школа №35», Республика Казахстан, Семей, e-mail: ergalikyzy.a@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6940-2416>.

Редакцияға енуі 29.10.2025

Жариялауға қабылданды 22.12.2025

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-24](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-24)
IRSTI: 14.35.09.

M. Yerkinbekov, M. Zagypanova*

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinki street

*ORCID: 0009-0006-4238-784X

*e-mail: mszmdn@gmail.com

CARTOONS AS AN ADDITIONAL RESOURCE FOR TEACHING ENGLISH

Abstract. Cartoon comes from the Italian word «Cartone», meaning a large paper. Over time, it has evolved into a powerful medium that serves not only entertainment but also educational purposes. In the field of language learning, cartoons have proven to be an effective visual tool that simplifies abstract concepts, stimulates curiosity, and promotes active engagement. Previous studies have demonstrated that visual narratives enhance learners' motivation, retention, and comprehension of linguistic structures. Nevertheless, the systematic process of designing cartoons that are directly aligned with English Structure lessons has received limited attention. This research applies a design and development approach to explore how a cartoon can be constructed as a supplementary material for teaching grammar. The study describes each stage-from needs analysis and storyboarding to character creation, scripting, and animation-emphasizing the integration of grammar points into context-based storytelling. The final product, titled «Coraline in the Country of Nightmares», presents English sentence structures through imaginative yet pedagogically relevant scenarios that support both understanding and enjoyment.

Keywords: cartoon, English grammar, cartoon design, visual learning, language teaching, narrative technique.

Introduction

As a teaching tool, numerous studies have been conducted on teaching with cartoons or other animated illustrations, such as comics. The studies show a definite positive effect on students' language learning performance, especially on their grammatical competence. An experimental study by Arikana and Tarafa on the use of cartoons in English language classes showed that the experimental group, which used cartoons in English language classes, performed better in vocabulary and grammar skills